	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дауысты (п,б) және кейбір дауыссыз)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді үстінде, астында, артында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздерменбайыту. Байланыстырып сөйлеу: Кейіпкерлердің сипаты үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. Күтілетін нәтиже: дыбыстарды анық айтады. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айта алады. Көрген суреттері бойынша өз ойын айтады; Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарғажауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады.
	Көркем әдебиет	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны

		туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;
	Математика негіздері	Сан: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру.. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру Шама: Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)салыстыру. Бір затты екінші затпен беттестіру Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күтілетін нәтиже: біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; Бір затты екінші затпен беттестіру біледі. Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.уақытты бағдарлай біледі.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік, байланыс құралдары: . Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

	Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) болуға меңгерту. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Менің Отаным – Қазақстан. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әр қашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзіне туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі. Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Ауа – райының жағдайын анықтау (суық , жылы, ыстық), табиғаттың маусымдық құбылыстарын бақылау. Күтілетін нәтиже: көлік құралдарын атайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; табиғатқа қамқорлық танытады;
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Күтілетін нәтиже: құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді;
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды

		бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Күтілетін нәтиже: сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады;
	Мүсіндеу	Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу Күтілетін нәтиже: қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі;
	Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету; желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.

		Күтілетін нәтиже: Ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді
	Музыка****	Музыканы тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуына ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірініңартынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Күтілетін нәтиже: Музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды,ойнақы, әуенді).
қаңтар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір бірден, екеуден (жұппен) жүру.

	Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойы мен жүру. Жүгіру. Қарқынды өзгертіп жүгіру. Домалату,лақтыру,қағып алу. Аяқтарын алшақ қоя отырып,1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне,заттардың арасымен қақпаға домалату. Еңбектеу,өрмелеу. Саты бойымен өрмелеу. Секіру. Ілініп тұрған затқа қолды тигізіп тұрған орнынан жоғары секіру. Сапқа тұру,қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.Қолдарын алдына немесе басынан жоғары шапалақтау. Кеудеге арналған жаттығулар. Аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта). Аяққа арналған жаттығулар.Жартылай отыру,тізені қолмен ұстау. Қимылды ойындар. "Жүгір", "ұста", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді; Жүруде тепе-теңдікті сақтайды; Сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді; Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі;
Дене шынықтыру**	Дербес қимыл белсенділігі: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.

		Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар. шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттілігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени гигиеналық дағдыларын жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу
--	--	---

		ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Күтілетін нәтиже: Заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі; Күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды
	Қазақ тілі***	Сөздік қор: Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Күтілетін нәтиже:күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыссыз (к-қ,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды

		заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларындұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Күтілетін нәтиже: Дауыссыз (к-қ,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді жекеше түрде айта алады. ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарғажауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады;
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларғасөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады;
	Математика негіздері	Сан: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру. Шама: Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)салыстыру. Өлшемдері қарама-

	қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күтілетін нәтиже: қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады; жанына қою тәсілдері арқылы салыстыра біледі; бір затты екінші затпен беттестіру біледі; ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. уақытты бағдарлай біледі;
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретіндесезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Отбасылық қарым- қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Көлік, байланыс құралдары: Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу:

		Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным – Қазақстан: Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Өсімдіктер әлемі: Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Жануарлар әлемі: Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа – райының жай – күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез - құлық ережелерін сақтау. (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Күтілетін нәтиже: жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды; «дұрыс» немесе «дұрыс
--	--	--

		емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; табиғатқа қамқорлық танытады;
	Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Күтілетін нәтиже: құрастыруды қызығушылықпен орындайды; құрастырылатын құрылысты қарапайым құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; өзі құраған құрылысымен ойнайды;
	Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Күтілетін нәтиже: сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды
	Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және

	жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Күтілетін нәтиже: мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі; заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады; жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Күтілетін нәтиже: желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді; геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады;
Музыка****	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту,

		әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды;әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.
ақпан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру. Өртүрлі бағытта, тура шеңбер бойымен, «жыланша» шашы рап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру. Жүгіру. Жылдам \10-20 метрге дейін\, тоқтамай баяу қарқынмен \50-60 сек ішінде\жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты жоғары лақтыру, төмен еденге соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бір-бірінің жанына сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау Секіру. Сызықтан секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бір-бірінің жанына сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Артына апарып шапалақтау. Кеудеге арналған жаттығулар. Аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен). Аяққа арналған жаттығулар. Тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру. Қимылды ойындар. Қимыл түрлерін өзгерте ойнатқызу. Дербес қимыл белсенділігі:

		Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттілігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени гигиеналық дағдыларын жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеде сырғанау. Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды
--	--	--

	үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Күтілетін нәтиже: заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; үш дөңгелекті велосипед тебу қабырғаға өрмелейді және одан түседі; бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; қабырғаға өрмелейді және одан түседі; бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды;
Қазақ тілі***	Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға(зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Күтілетін нәтиже: туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады;дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады;өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді;алынған ақпаратқа сәйкес өзінің ойын білдіреді;

	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларындұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Күтілетін нәтиже: Дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді көпше түрде біледі. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс айта алады.
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Күтілетін нәтиже: әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға сәлсіз, жеткізеді; ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды;
	Математика негіздері	Сан: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп

	көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылытең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Шама: Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттардысалыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа,бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күтілетін нәтиже: бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді; біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады; тең және тең емес заттар тобын салыстырады; екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды;өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды;қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретіндесезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту Заттық әлем:

		Әр түрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану. Көлік, байланыс құралдары: Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу: Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Менің Отаным – Қазақстан. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа – райының жай – күйін белгілеу. Ауа – райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғаттағы маусымдық құбылыстарды бақылау. Табиғатта қауіпсіз мінез - құлық ережелерін сақтау. (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу:
--	--	--

